



«Бекітемін»

«Дарын» РЕПО директоры

А. Унайбеков

«\_\_\_» 2022 ж.

**2-7 сынып оқушылары арасында «Зерде»  
республикалық зерттеу жобалары конкурсы туралы  
ЕРЕЖЕ**

**I. Жалпы ереже**

1.1. Осы ереже 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Занына (01.09.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен), Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес әзірленді. Ереже 2-7 сынып оқушыларының "Зерде" республикалық зерттеу жобалары конкурсының (бұдан әрі - конкурс) мақсаттары мен міндеттерін, үйымдастырушылық - әдістемелік қамтамасыз етуді, өткізу және қаржыландыру, қатысу және жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау тәртібін айқындайды.

1.2. Конкурстың үйымдастырушысы Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – «Дарын» РЕПО) болып табылады.

1.3. Конкурстың мақсаты балалардың зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту, кіші және орта жастағы мектеп оқушыларының интеллектуалдық шығармашылық әлеуетін ынталандыру болып табылады.

1.4. Конкурстың міндеттері - зерттеу жұмыстарына қызығушылық танытқан қабілетті және дарынды оқушыларды анықтау және оларға қолдау көрсету, оқушылардың үздік жетістіктерін бағалау және насиҳаттау, қоғамның интеллектуалдық әлеуетін дамыту мәселесіне көпшіліктің назарын аудару.

**II. Конкурс қатысушылары**

2.1. Конкурска жас зерттеушілер 2-7 сынып оқушылары, жеке, сондай-ақ, командалық құрамда (2 қатысушыдан аспайтын), зерттеу жобаларымен қатысады (әрі қарай - конкурс жұмыстары).

2.2. Жетекшілер конкурстың қорытынды кезеңінің өткізілуі орнына дейін және кері қайту жолында, оның өткізілуі барысында қатысушылардың өмірі мен қауіпсіздігі үшін толық жауапкершілікте болады. Жетекшілер білім беру мекемесі директорының бүйрығымен тағайындалады.

**III. Конкурсты үйымдастыру және өткізу тәртібі**

3.1. Конкурсты дайындау мен өткізу бойынша жұмысты координациялау және жүзеге асыру үшін республикалық үйымдастыру комитеті құрылады.

3.2. Ұйымдастыру комитеті жыл сайын қорытынды кезеңін өткізу мерзімі мен өтетін орнын анықтайды, қазылар алқасының құрамын, конкурстың қорытынды кезеңін өткізу бағдарламасын, қатысушы командалардың тізімін бекіtedі, конкурстың қорытындысын шығарады жүлдегерлерді марапаттайты.

3.3. Қазылар алқасының құрамы жоғары оқу орындарының, колледждердің, мектептердің әртүрлі ғылым салаларындағы жетекші оқытушылар, әдіскерлер, ғалымдар қатарынан құрылады. Туыстары немесе окушылары конкурста қатысатын адам қазылар алқасының құрамына кіре алмайды. Республикалық кезеңінде қазылар алқасы облыстық, қалалық кезендердің қазылар алқасының құрамында болмауы тиіс.

3.4. Қазылар алқасы қатысушылардың конкурс жұмыстарын тексереді және бағалайды, жүлдегерлерді анықтайты.

3.5. Конкурс 4 кезенде өткізіледі:

I кезең – мектепшілік, білім беру үйімдарында өткізіледі;

II кезең – аймақтық, аудандық (қалалық) білім беру бөлімдері өткізеді;

III екінші кезең – облыстық, «Дарын» жергілікті аймақтық ғылыми-практикалық орталықтары және облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалары білім басқармалары, Республикалық білім беру үйімдары (бұдан әрі - РББҰ) және «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйімі (бұдан әрі - «НЗМ» ДББҰ), «Бебек» Үлттық ғылыми практикалық білім беру ж/е сауықтыру орталығы (бұдан әрі - «Бебек» ҮФПББСО) өткізеді;

IV кезең (республикалық) – «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы өткізеді.

3.6. Қорытынды кезенде қатысушылардың конкурстық жұмыстары презентация арқылы қорғау жүргізіледі. Авторға (бірлескен авторларға) баяндама үшін 5-7 минут беріледі.

3.7. Конкурстың республикалық кезеңіне облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, РББҰ және «НЗМ» ДББҰ, «Бебек» ҮФПББСО іріктеу кезеңінде бірінші орын иеленген жеңімпаздар тарапынан құрылған құрама командалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес әрбір секцияға 1 зерттеу жобасын (кіші жастағы топ-2-4 сыныптар, орта жастағы топ - 5-7 сыныптар) және әр топқа екі жетекші ұсынады.

3.8. Конкурстың республикалық кезеңіне тіркелу және қатысу үшін облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалары білім басқармаларының, РББҰ және «НЗМ» ДББҰ, «Бебек» ҮФПББСО ұйымдастыру комитетіне 2 апта бұрын жазбаша өтінімдері негізінде жіберу қажет (1-косымша).

Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы: Индекс Z05K5K8, Астана қаласы, Мәңгілік Ел данғылы, 8, БЦ Алтын Орда, каб. 207, тел: +7(7172) 57-01-60, e-mail: [info@daryn.kz](mailto:info@daryn.kz)

3.9. Облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, РББҰ және «НЗМ» ДББҰ, «Бебек» ҮФПББСО ұйымдастыру комитетіне конкурстың I, II, III кезендерінің қорытынды есептерін және хаттамаларын ұсынады (2 косымша).

3.10. Конкурсқа ұсынылған жұмыстар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

3.11. Аппеляция қарастырылмайды.

**4.1. Конкурсқа 2-7 сынып оқушыларының зерттеу жұмыстары келесі секциялар бойынша қабылданады:**

№	секция	пәні, факультатив
1	қазақ тілі мен әдебиеті	қазақ тілі мен әдебиеті
2	орыс тілі мен әдебиеті	орыс тілі мен әдебиеті
3	ағылшын тілі	ағылшын тілі, неміс тілі, француз тілі
4	математика, қолданбалы математика	математика
5	физика, космос	физика, технология
6	туризм және спорт	география, физкультура
7	тарих, өлкетану	тарих, дүниетану, әдебиет, география
8	этномәдениеттану	тарих, дүниетану, әдебиет, география
9	химия, биология	жаратылыстану
10	медицина, психология, экология	жаратылыстану, физкультура
11	информатика, робототехника STEM инженерия	информатика, робототехника (факультатив)
12	технология и искусство	музыка, еңбекке баулу, бейнелеу өнері

#### **IV. Конкурсқа ұсынылатын жұмыстардың рәсімделуіне қойылатын талаптар 5-7 сыныптарға**

4.2. Эрбір бағыт бойынша зерттеу жұмыстары теориялық, эксперименттік, ойлап шығарушылық (жасампаздық) негізде болады. Жұмыс қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады. Жұмыстың көлемі 15 беттен аспауды керек. Беттерін нөмірлеу және жиегін қалдыру міндettі.

4.3. Конкурстық жұмысқа оқушы(-лар) жетекшісі пікір береді. Онда таңдалған тақырыптың маңыздылығы, автордың жұмысқа қоскан жеке үлесі, артықшылықтары мен кемшиліктері көрсетіледі. Зерттеу конкурстарының барлық кезеңдерінде бұрын басқа конкурстарда ұсынылған жұмыстар қабылданбайды, зерттеу барысында плагиатка, мәліметтер мен нәтижелерді бұрмалауға жол берілмейді. Мұндай фактілер аныкталған жағдайда, үйымдастыру комитеті тарапынан акт жасау арқылы жоба конкурсқа қатысадан шеттетіледі.

4.4. Титул парагында мыналар көрсетіледі:

- жұмыс орындалған білім беру үйымының толық атауы;

- жұмыстың тақырыбы;
- бағыты;
- орындаушы (аты-жөні, сыйныбы, мектебі, (қаласы) ауданы, облысы);
- жұмыстың жетекшісі (аты-жөні, қызметі, жұмыс орны);
- жұмыс орындалған жыл.

4.5. Фылыми жетекші алынған нәтижелердің дұрыстығын қамтамасыз етеді, бұл жұмыста дипломдық жұмыстардан, магистрлік және кандидаттық диссертациялардан, ғылыми ұжымдардың есептерінен және басқа көздерден қайта жазылған нәтижелердің жоқтығын растайды. Окушы өз бетінше зерттеу қызметінің жаңа білімі мен дағдыларын игере отырып, өз деңгейіне сай жұмысты орындауы керек.

Конкурстық жұмысты рәсімдеуге койылатын талаптар: теру шрифті – TimesNewRoman, қаріп өлшемі-14 кегль (жол аралығы 1,5 см), абзац шегінісі – 1,25 см; өрістер: жоғарғы, төменгі, он -2 см, сол-3 см; төменгі ортадағы беттерді нөмірлеу.

Титул парагы нөмірленбейді, келесі беттің нөмірі - 2. Жұмыс мыналарды қамтиды: мазмұны, қазақ немесе орыс тілдеріндегі аннотация (зерттеу жұмысы қай тілде жазылғанына байланысты), мәтін компьютерде басып шығарылуы және қамтылуы керек:

- титул парагы;
- мазмұны;
- аннотация жоғары сыйныптар үшін (120-150 сөзден аспайтын) жұмыстың негізгі ережелерінің қазақ немесе орыс тілдеріндегі қысқаша мазмұнын көрсетуі тиіс (жұмыстың қай тілде жазылғанына байланысты);
- кіріспе: жұмыстың өзектілігі мен орнын көрсетеді, зерттеу мәселесі бойынша әдеби деректерге (отандық және шетелдік) қысқаша талдау жасай отырып, әдебиетке шолу;
- зерттеу бөлімі: тақырыпты тандауды негіздеу, зерттеу материалдары мен әдістері, эксперименттік бөлім, жұмыс нәтижелері және оларды талқылау;
- қосымша (көрнекі материалдар, фотосуреттер, диаграммалар, зерттеу күнделігі, бейне схемалар, суреттер немесе макеттер);
- корытынды (нәтижелер, ұсынымдар);
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

#### **Презентацияны рәсімдеуге қойылатын талаптар:**

- титул тақырыбы
- фон мен мәтіннің түсі бір-біріне қарама – қарсы болуы керек (ақ фон-қара мәтін ) 6 слайдтан аспауы керек. Слайдтарды жасау кезінде назар аударыныз:
  1. анимациялық эффектілерді теріс пайдаланбаңыз;
  2. қысқа сөздер мен сөйлемдерді қолданыңыз;
  3. слайд тақырыптарын бөлектеніз;
  4. теру шрифті – Times New Roman, қаріп өлшемі – 20, кегль - жол аралығы 1,5 см;
  5. бір слайдты үлкен ақпаратпен толтырманыз.

Жұмыс құрылымы келесі бөлімдерді қамтуы керек:

- мақсат-міндеттер
- өзектілігі
- зерттеу сұрақтары (гипотеза)
- әдістер, амалдар, кезеңдер (процедуралар)
- корытындылар, нәтижелер

Көрғау барысында конкурсстық жұмыстың презентациясына көрнекі материалдар, фотосуреттер, диаграммалар, зерттеу күнделігі, бейне схемалар, суреттер немесе макеттер немесе т. б. қосу қажет.

4.6. Оқушылардың жұмысы жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы керек.

### **Конкурсқа ұсынылатын жұмыстардың рәсімделуіне қойылатын талаптар 2-4 сыныптарға**

4.7. Әрбір бағыт бойынша зерттеу жұмыстары теориялық, эксперименттік, ойлап шығарушылық (жасампаздық) негізде болады. Жұмыс казақ және орыс тілдерінде ұсынылады.

4.8 Конкурстық жұмыска оқушы(-лар) жетекшісі пікір береді. Онда таңдалған тақырыптың маңыздылығы, автордың жұмысқа қосқан жеке үлесі, артықшылықтары мен кемшіліктері көрсетіледі. Зерттеу конкурстарының барлық кезеңдерінде бұрын басқа конкурстарда ұсынылған жұмыстар қабылданбайды, зерттеу барысында плагиатқа, мәліметтер мен нәтижелерді бұрмалауға жол берілмейді. Мұндай фактілер анықталған жағдайда, үйимдастыру комитеті тарапынан акт жасау арқылы жоба конкурска қатысадан шеттетіледі.

4.9 Ғылыми жетекші алынған нәтижелердің дұрыстығын қамтамасыз етеді. Оқушы өз бетінше зерттеу қызметінің жаңа білімі мен дағдыларын игере отырып, өз деңгейіне сай жұмысты орындауы керек.

Конкурстық жұмысты рәсімдеуге қойылатын талаптар: тери шрифті - Times New Roman, каріп өлшемі-14 кегель (жол аралығы 1,5 см), абзац шегінісі – 1,25 см; өрістер: жоғарғы, төменгі, он -2 см, сол-3 см; төменгі ортадағы беттерді нөмірлеу.

Титул параграфы нөмірленбейді, келесі беттің нөмірі - 2. Жұмыс мыналарды қамтиды: мазмұны, қазақ немесе орыс тілдеріндегі аннотация (зерттеу жұмысы қай тілде жазылғанына байланысты), мәтін компьютерде басып шығарылуы және қамтылуы керек:

- титул параграфы;
- мазмұны;
- аннотация бастауыш сыныптар үшін (200 сөз), жұмыстың негізгі ережелерінің қазақ немесе орыс тілдеріндегі қысқаша мазмұнын көрсетуі тиіс (жұмыстың қай тілде жазылғанына байланысты);

Аннотация құрылымы келесі бөлімдерді қамтуы керек:

- мақсат-міндеттер
- өзектілігі

- зерттеу сұрақтары (гипотеза)
- әдістер, амалдар, кезеңдер (процедуралар)
- қорытындылар, нәтижелер
- өнім жоба (көрнекі материалдар, фотосуреттер, диаграммалар, зерттеу күнделігі, бейне схемалар, суреттер немесе макеттер);
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

### **Презентацияны рәсімдеуге қойылатын талаптар:**

- титул тақырыбы
- фон мен мәтіннің түсі бір-біріне қарама – қарсы болуы керек (ақ фон-кара мәтін ) 5 слайдтан аспауы керек. Слайдтарды жасау кезінде назар аударыңыз:
  1. анимациялық эффектілерді теріс пайдаланбаңыз;
  2. қысқа сөздер мен сойлемдерді қолданыңыз;
  3. слайд тақырыптарын бөлектеніз;
  4. тери шрифті – Times New Roman, қаріп өлшемі – 20, кегль - жол аралығы 1,5 см;
  5. бір слайдты үлкен ақпаратпен толтырманыңыз.

Қорғай барысында конкурстық жұмыстың презентациясына көрнекі материалдар, фотосуреттер, диаграммалар, зерттеу күнделігі, бейне схемалар, суреттер немесе макеттер немесе т. б. қосу қажет.

4.10. Окышылардың жұмысы жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы керек.

### **V. Қорытындысын шығару және марапаттау**

5.1. Конкурс жұмыстарын бағалау келесі белгілер бойынша жүзеге асырылады:

- ұсынылған шешімдердің өзектілігі мен шешу жолдарының жаңашылдылығы (ерекшелігі);
- тақырыптың бірегейлігі, жобаның шынайылығы;
- жобаның нақты және маңызды нәтижелерінің болуы;
- жұмысты орындау мәдениеті, зерттеудің этикалық негіздерін, қагидаларын сактау;
- баяндамашының құзыреттілігі, оның ішінде жоба бағыты шенберінде диалог пен пікірталас жүргізу мүмкіндігі. (7-қосымша: бағалау критерийлері)

5.2. Женімпаздар әрбір секция бойынша және жас ерекшеліктеріне қарай бөлінген екі жас категориясы бойынша анықталады:

- 2-4 сынып оқушылары;
- 5-7 сынып оқушылары.

Жүлдегерлер Гран-при және I, II, III дәрежелі дипломдармен және "Дарын" РFTPO грамоталарымен марапатталады. Женімпаздар мен жүлдегерлер дайындаған жетекшілерге «Алғыс хат» табысталады.

5.3. Барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

## **VI. Қаржыландыру**

6.1. Іс-шараны қаржыландыру бекітілген сметага сәйкес жүзеге асырылады.

6.2. Конкурсқа қатысушылар мен жетекшілердің іссапар шығыстары (тамақтануы, жатын орны және келу/кету жолы, экскурсия шығындары) жіберуші жақтың есебінен төленеді.

Таблица № 1

**2-7 сынып оқушылары арасында «Зерде»  
республикалық зерттеу жобалары конкурсының бағалау  
критерийлері**

<b>Жобаны бағалау критерийлері</b>	<b>Бағалау критерийінің мазмұны</b>	<b>Ұпай саны</b>
Ақпаратты іздеу, іріктеу және дүрыс пайдалану (2 ұпайға дейін)	Көлемді материалға сенімді корытынды жасауға мүмкіндік береді	0-ден 2-ге дейін
Мәселені қою (2 ұпайға дейін)	Мәселе тұжырымдалған, негізделген, гипотеза (гипотезалар) ұсынылған, гипотезаны дәлелдеу/теріске шыгару бойынша толық іс-қимыл жоспары берілген	0-ден 2-ге дейін
Жоба тақырыбының өзектілігі мен маңыздылығы (2 ұпайға дейін)	Тақырыбының өзектілігі және оның маңыздылығы жан-жакты ашылған және негізделген, тақырып тек оқушы үшін ғана емес, мектеп, қала үшін де өзекті және маңызды	0-ден 2-ге дейін
Жұмыс барысын талдау, корытындылар мен перспективалар (2 ұпайға дейін)	Жұмыс барысында қалыптасқан жағдайларға жан-жакты талдау жасалды, кәжетті корытындылар жасалды, жұмыс перспективалары белгіленді	0-ден 2-ге дейін
Автордың жеке қызығушылығы, жұмыска шығармашылық көзқарас (2 ұпайға дейін)	Жұмыс шығармашылық көзқарасын, автордың жоба идеясына өзіндік көзқарасымен ерекшеленеді	0-ден 2-ге дейін
Жоба тақырыбын ашу тереңдігі (2 ұпайға дейін)	Жоба тақырыбы жан-жакты ашылып, мектеп бағдарламасынан тыс автор терең білімін көрсетті	0-ден 2-ге дейін
Зерттеу әдістемесі (2 ұпайға дейін)	Қолданыстағы әдістер өзгертилген немесе бейімделген	0-ден 2-ге дейін
Жобалық өнімнің сапасы (4 ұпайға дейін - командалық, 6 баллға дейін-жеке)	Жобалық өнімнің практикалық маңызы бар, оны әртүрлі салаларында колдануга болады	0-ден 2-ге дейін
	Нәтижелердің шынайылығы, аналитикалық және эксперименттік жолмен, модельдеу әдістерімен, эмпирикалық деректерді статистикалық өндеумен немесе тәжірибемен дәлелденген	0-ден 2-ге дейін (ком.) 0-ден 4-ге дейін (жеке.)
Көрнекілік құралдарын, техникалық құралдарды пайдалану (2 ұпайға дейін)	Көрнекілік құралдар пайдаланылған презентация дизайнына қойылатын негізгі талаптар сакталған, материалды беру қисынды,	0-ден 2-ге дейін

	презентация және баяндама мәтіні толық келісілген	
Жазба бөлімі барлық рәсімдеу талаптарына сәйкес (2 үпайға дейін)	Жұмыс жобалық жұмыстарға қойылатын барлық талаптарға толық жауап береді	0-ден 2-ге дейін
Мазмұнның тақырыпқа сәйкестігі (2 үпайға дейін)	Жұмыс жобалық жұмыстарға қойылатын барлық талаптарға жауап береді	0-ден 2-ге дейін
Корғау сценарийі (презентация логикасы), құрылымының сауаттылығы (2 үпайға дейін)	Жобаның тақырыбы мен мазмұны ашылды. Жұмыс барысында қалыптасқан жағдайларға талдау жасалды, қажетті қорытындылар жасалды, жұмыс перспективалары белгіленді	0-ден 2-ге дейін (ком.) 0-ден 4-ге дейін (жеке.)
Зерттеу жұмысының жүйелілігі (6 үпайға дейін - командалық, 8 баллға дейін-жеке	Қол жеткізілген нәтиженің толық сипаттамасы берілген. Жұмыс үлгісі/макеті/моделінің бейне және фото дәлелдемелері бар	0-ден 2-ге дейін
	Жобаны іске асыру жоспарының, қажетті ресурстардың, даму перспективаларының негізділігі	0-ден 2-ге дейін
	Тәжірибеде бар шешімдерді жан-жақты талдау, ұсынылған шешімнің артықшылықтарын көрсететін аналогтардың салыстырмалы кестесі шығармашылық, жаңалық, жобаның шығармашылығы	0-ден 2-ге дейін (ком.) 0-ден 4-ге дейін (жеке.)
Айқындық пен дәлдік, сенімділік пен нақтылық (2 үпайға дейін)	Сөйлеудің барлық элементтерінің мазмұны туралы түсінік береді; сөйлеудің дұрыстығы; ауызша және жазбаша сөйлеудің дәлдігі, сөйлеудің анықтығы, лаконизм байкалады, сөз сөйлеу барысында мәлімделген тақырыптан уәжіз ауытқулар жоқ	0-ден 2-ге дейін
Сұраптарға жауап бере білу, оз көзкарасын коргай білу (2 үпайға дейін)	Автор материалды жақсы менгергенін көрсетеді, өз көзкарасын дәлелді және жан-жақты негіздейді	0-ден 2-ге дейін
Жобаны ұсыну (2 үпайға дейін)	Автор сұраптарға жауап беру кабілетін көрсетеді (анық, сенімді, дәлелді), зерттеудің пәндік саласында еркін бағдарланады	0-ден 2-ге дейін
Ұжымдық жұмыс (тек командалық жұмыс) (4 үпайға дейін)	Әр қатысушиның функциялары анықталды	0-ден 2-ге дейін
	Корытынды жұмыс-бұл жобаның әрбір қатысушиның келісілген күш-жігері мен қатысуы	0-ден 2-ге дейін
Барлығы	командалық - 40 балл, жеке- 40 балл	
0-жок	1-ішінара	2- сәйкес келеді